

Бекітемін:
№29 «Ай-көрім» бөбекжай
бақшасының меңгерушісі
К.К.Сейдалиева



Құтты болсын жаңа жыл!



1-2 жас «Балауса» тобы

Тәрбиешілір: Абилдаева Ж.
Даулетова Г.

Жүргізуші:

Құтты болсын жаңа жыл барша халық
Қуанышқа шаттыққа тамсанайық
Бәрімізгі шынайы тілек тілеп
Бар әлемге бақытпен жар салайық

Бүгінгі БАЛАУСА тобының «Құтты болсын жаңа жыл» атты мерекелік ертеңгілігіне қош келдіңіздер!

Жаңа жыл тек қана бақыт, қуаныш әкелсін. Жаңа жылда жаңа табысқа жетіңіздер – дей отырып балаларымыздың мерекелік әнін қабыл алыңыздар!

Ән. Мерекелік ән

(Залға секіріп қолына сыйлық ұстаған қоян келеді)

Қоян: Сәлеметсіңдер ме балалар! Мен достарыммен бірге жаңа жыл мерекесін тойлауға келе жатқанда орманда қатты дауыл соқты. Мен достарымнан адасып қалдым.

Жүргізуші: Қоян сен қорықпа. Сен бізбен бірге жаңа жыл мерекесін тойла!

Қоян: мен орманда дауыл соққаннан қатты жаурап қалдым. Мұнда аңдар бар екен. Мен осы аңдармен би билеп, жылынып көңіл көтергім келіп тұр.

Би: Аңдар биі

Қоян: Ал енді жылынып алдым, рақмет сендерге!

Түлкі: Ой, қоянжан мен сені таппай жүрсем, сен мұнда екенсің ғой. Бұл жерде өте қызықты, көңілді сияқты. Балалар мен де сендермен бірге жаңа жыл мейрамын тойласам бола ма?

Жүргізуші: Түлкі сенің келгенің қандай жақсы болды. Бәріміз бірге жаңа жыл мерекесін тойлайтын болдық.

Балалар біздің мерекеміздің басты қонақтары: Аяз ата мен Ақшақар жетіспей тұрғаны. Қане барлығымыз бірге шақырайық.

Балалар: Аяз ата кел, кел
Ақшақарды ерте кел

(Залға Аяз ата мен Ақшақар келеді)

Аяз ата:

Амансың ба ұлдарым, өздеріңе оралдым
Есенсің бе қыздарым
Бар сыйлығым тартумен
Қандай жарқын жүздерің

Ақшақар:

Сәлем бердім балалар
Жасыл шырша орманым
Сендерге арнайы келінгі
Ойыншығын балалар
Шыршаға әсем ілінгі

Жүргізуші: Аяз ата сіз алыс жолдан шаршап келген боларсыз. Отырып балаларымыздың қызықтарын тамашалаңыз.

Ақшақар: Мен балаларға «қар» әкелдім. Енді ойын ойнағым келіп тұр.

Ойын: «Қар жинау»

Түлкі: Менің мұнда қорапшам бар еді ғой, ол қайда кетті?

Жүргізуші: Міне мұнда тұр.

Қоян: Бұл қорапшада менің достарыма арналған сыйлықтарым бар. Балалар ол не деп ойлайсыңдар?

- Әрине сендердің қызыға ойнайтын ойыншықтарың сылдырмақтар.

Жүргізуші: Қанекей менің қыздарым сіздерге «Сылдырмақ» биін билеп берсін.

Би: «Сылдырмақ» би.

Жүргізуші: Біздің өнерлі балаларымыз Аяз ата мен Ақшақарға арнап ән салады.

Ән: «Аяз ата»

Жүргізуші:

Құрметті қонақтар және ата-аналар!
Сіздерді жаңа жыл мерекелеріңізбен құттықтаймыз.
Сәбилеріңіздің күлкісі сіздерді қуанта берсін.
Баршаңызға денсаулық, өмірлеріңізге шаттық, қуаныш тілейміз.
Жаңа жылдарыңыз құтты болсын!

